



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 31 шілде №551
Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

Мемлекеттік фильмдер қорының кейбір мәселелері туралы

«Кинематография туралы» 2019 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Орталық мемлекеттік кино-фото құжаттар мен дыбыс жазбалары архиві» республикалық мемлекеттік мекемесі фильмдерді сақтауды жүзеге асыратын Мемлекеттік фильмдер қоры болып айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірідегі №339 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

3-бөлімде:

«Штат санының лимиті» деген бағанда:

‘ 8) тармақшада «141» деген сандар «140» деген сандармен ауыстырылсын;

17) тармақшада «27» деген сандар «28» деген сандармен ауыстырылсын.

4. «Фильмдердің мемлекеттік қорын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 82 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 24, 342-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. МАМИН**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 31 шілде №558
Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау құралдарына сертификат беру қағидаларын бекіту туралы

«Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау құралдарына сертификат беру қағидалары бекітілсін (қызмет бабында пайдалану үшін).

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Мемлекеттік құпияларды қорғаудың техникалық құралдарына сәйкестік сертификатын беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 қазандағы № 1561 қаулысы;

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 735 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 42, 623-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. МАМИН**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 31 шілде №559
Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 наурыздағы № 136 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 наурыздағы № 136 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 18, 92-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламада:

3-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қызмет көрсетуді жеткізушілер – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым сертификаттаған азаматтық авиация ұйымдары (азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға);»;

мынадай мазмұндағы 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

«12) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекетің әуе кемесімен болған авиациялық оқиға немесе оқыс оқиға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 505 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15597 болып тіркелген Азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес міндетті түрде тергеп-тексерілуі тиіс.»;

20-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тұрақты қадағалау және уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторларының қадағалау мәселелері жөніндегі лауазымды адамдармен өзара іс-қимылы негізінде пайдаланудағы сәйкессіздіктерді анықтау;»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Қызмет көрсетуді жеткізушінің қызметін тұрақты қадағалау сертификаттау жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі және халыққа қауіпсіз әрі сенімді коммерциялық авиакөлік тасымалын ұсыну мақсатында талап етілетін пайдалану нормаларының сақталуына азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган және уәкілетті ұйым жауапкершілігінің маңызды элементі болып табылады.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Талап етілетін қадағалау шаралары және оларға байланысты инспекциялық тексерулерді уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторлары жүргізеді.»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Уәкілетті ұйым осы Бағдарламаның негізінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігінің нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында авиациялық қызметте кездесетін ұшу қауіпсіздігінің қауіп факторларын бақылау үшін қызмет көрсетуді жеткізушілерді реттеу, қадағалау және бақылау бойынша жұмыстар жүргізеді. Ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекел факторларын басқару қауіпті факторларды анықтауды, ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелді бағалауды және оларды азайту бойынша тиісті шараларды жүзеге асыруды қамтиды.»;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Қызмет көрсетуді жеткізушілер әзірленген ҰҚБЖ-ны уәкілетті ұйыммен келіседі.»;

37-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Азаматтық, эксперименттік авиацияның қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды уәкілетті орган азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қатысуымен мынадай іс-шараларды орындау арқылы жүзеге асырады.»;

38, 39, 40, 41, 42, 43, 44 және 45-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Уәкілетті ұйым барлық функционалдық салаларда ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде олардың ұлттық қағидаларды, рәсімдер мен практиканы сақтауын бақылау мақсатында қызмет көрсетуді жеткізушілерді қадағалау бағдарламасын және инспекторлық құрам үшін нұсқамалық материалдарды әзірлейді.

39. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қадағалауды тиімді жүзеге асыру үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым білімі мен арнайы (техникалық) даярлығының (біліктілігінің) деңгейі бойынша қызмет көрсетуді жеткізушінің инспекцияланатын персоналынан төмен болмауы тиіс даярлықтан өткен персоналын жасақталады.

40. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қадағалауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті ұйымның инспекторлық құрамының өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің және ИКАО стандарттарының ережелерімен және талаптарымен қамтамасыз етіледі.

41. Ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін бұзушылықтар анықталған кезде уәкілетті ұйым пайдаланушы немесе азаматтық авиация ұйымы анықталған бұзушылықтарды жойған кезде деңгіз сертификатты (авиациялық)жұмыстарды орындауға арналған куәлікті) қайтарып алу немесе оны толық немесе ішінара шектеу немесе қолданысын тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдайды.

42. Қызмет көрсетуді жеткізушілер инспекторлық тексеру кезінде уәкілетті ұйымның инспекторлық құрамының қызметкерлердің жеке істеріне, әуе кемелеріне, құралдар мен қызметтерге, сондай-ақ тиісті есепке алу құжаттамасына қол жеткізуі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді және олардың міндеттерін орындауына жәрдемдеседі.

43. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі нақты немесе әлеуетті кемшіліктер туралы ақпаратты жинауға жәрдемдесу мақсатында уәкілетті орган азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен бірлесіп, Қазақстан Республикасында азаматтық авиацияның әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар туралы деректерді (хабарламаларды) міндетті ұсыну жүйесін әзірлейді.

Авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны, ол туралы мәліметті қасақана жасырғаны, сондай-ақ ақпаратты бұрмалағаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылыққа тартылады.

44. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі нақты немесе әлеуетті кемшіліктер туралы ақпаратты жинауға жәрдемдесу мақсатында уәкілетті орган уәкілетті ұйыммен бірлесіп оқыс оқиғалар туралы деректерді (хабарламаларды) ерікті ұсыну жүйесін құрады, олар оқыс оқиғалар туралы деректерді міндетті ұсыну жүйесі шеңберінде тіркелмеуі мүмкін.

Оқыс оқиғалар туралы деректерді ерікті хабарлау жүйесі авиациялық оқыс оқиғалар туралы ақпаратпен ғана шектелмейді, сонымен қатар қауіпті факторлар, яғни оқыс оқиғаға әкеп соқтыруы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы мәліметтерді жинауды да көздеуі тиіс.

Оқыс оқиғалар туралы деректерді (хабарламаларды) ерікті ұсыну жүйесі жаса қолдануға бағдарланбаған және ақпарат көздерін қорғауды көздеуі тиіс. Ерікті хабарлау кезінде жаза қолданудан бас тарту оқыс оқиғалар және қауіпті факторлар туралы деректерді ерікті хабарлау жүйесінің негіз қалаушы қағидаты болып табылады.

45. Уәкілетті орган уәкілетті ұйыммен бірлесіп, авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды мониторингілеу, бақылау және олардың алдын алу мақсатында ҰҚБЖ бойынша деректерді жинау мен талдаудың автоматтандырылған жүйесін әзірлейді және енгізеді.»;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Уәкілетті орган уәкілетті ұйыммен бірлесіп, авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар туралы ұсынылған міндетті және ерікті хабарламаларды жинауды, есепке алуды және талдауды жүзеге асырады, сондай-ақ қауіпті факторларды есепке алуды жүргізеді. Міндетті тергеп-тексеруге жататын оқиғалар тізбесіне кіретін авиациялық оқиғаларға қатысты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган оларды тергеп-тексеруді ұйымдастырады, ал қауіпті факторларға қатысты оларды жою немесе олардың ықпал ету дәрежесін азайту жөніндегі профилактикалық іс-шараларды әзірлейді.»;

48 және 49-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Уәкілетті ұйым уәкілетті органмен бірлесіп,

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі жай-күйінің тоқсан сайынғы, жартыжылдық және жылдық талдауын дайындайды және шығарады. Ұшу қауіпсіздігі жай-күйінің талдаулары қызмет көрсетуді жеткізушілерге жіберіледі.

49. Қызмет көрсетуді жеткізушілер ұшу қауіпсіздігі жай-күйінің тоқсан сайынғы, жартыжылдық және жылдық талдауларын жасайды.

Қызмет көрсетуді жеткізушілер жасайтын ұшу қауіпсіздігі жай-күйінің талдаулары жинақтау және тұтастай азаматтық авиация бойынша ұшу қауіпсіздігінің деңгейін арттыру жөніндегі профилактикалық шараларды қабылдау үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға жіберіледі.»;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Қызмет көрсетуді жеткізушілердің, оның ішінде шет мемлекеттердің әуе кемелерін пайдаланушылардың ҰҚБЖ-сында сәйкессіздіктер анықтаған кезде уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігі тұрғысынан неғұрлым проблемалық немесе қауіптер, өндірістік қызметтер үшін олардың салдары туралы деректерді және ұшу қауіпсіздігі үшін қауіптерді бағалау нәтижелерін талдау арқылы анықталған қызмет көрсетуді жеткізушілердің қосымша тексеруді талап ететін қызмет салаларында кезектен тыс инспекциялық тексерулер мен зерттеп-қарауды жүргізеді.»;

51 және 52-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«51. Уәкілетті ұйым азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен авиация инспекторларын кәсіптік даярлау және олардың біліктілігін ұстау қағидаларының негізінде авиация инспекторларын кәсіптік даярлау және олардың біліктілігін ұстауды қамтамасыз етеді.

52. Уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігін қадағалауға қатысатын өзінің персоналын сертификаттаған авиациялық оқу орындарында, сондай-ақ ИКАО-ның оқу орталықтарында оқудан өткізеді.»;

2. Осы қаулы 2019 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. МАМИН**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 1 тамыз №569
Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1525 қаулысына өзгеріс енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 506 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1525 қаулысына өзгеріс енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 506 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 38, 459-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Ұшу ақпараты аудандары (аймақтары) мен диспетчерлік аудандардың тізбесін және олардың шекараларын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағыныстағы аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші айқындайды және олар аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады.

Торатпық диспетчерлік аудандардың және диспетчерлік аймақтардың шекараларын, TMZ және RMZ аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші әзірлейді және олар аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады.

Бақыланбайтын әуеайлақтың әуеайлақтық қозғалыс аймағының шекараларын әуеайлақ пайдаланушысы әзірлейді, жауапкершілік ауданында әуеайлақ орналасқан әуе қозғалысына қызмет көрсету және/немесе әуе қозғалысын басқару органымен келіседі және олар аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады.

Әуе қозғалысын басқару аудандарының (аймақтарының) шекаралары ұшу ақпараты аудандарының (аймақтарының) және диспетчерлік аудандардың шекараларына сәйкес келеді.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Әуе трассалары азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Әуе трассаларын пайдалануға беру қағидаларына сәйкес пайдалануға беріледі. Әуе трассалары бойынша сипаттамаларға (PBN) негізделген навигацияны қолдану үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісу бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес навигациялық ерекшеліктерді белгілейді.

Халықаралық әуе трассаларын ашу шекаралас мемлекеттердің қазыретті органдарымен және Халықаралық азаматтық авиация ұйымымен (бұдан әрі – ИКАО) келісу бойынша жүзеге асырылады.

Әуе трассаларының жабдықтарын ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарымен қамтамасыз етуді аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 31-1-тармақпен толықтырылсын:

«31-1. Ұшып шығу, ұшып келу, әуеайлақтарға қонуға кіру және екінші айналымға кету схемалары әуе кемелерінің елді мекендер үстінен ұшып өтуін болдырмауға, ал болдырмау мүмкін болмаса, барынша шектеуге тиіс. Мұндай схемаларды (маршруттарды) белгілеу тәртібі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларында және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуды жүргізу қағидаларында айқындалады.»;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Әуе кемелерінің адамдардың өмірін сақтап қалу

және денсаулығын сақтау, қылмыстың жолын кесу және ашу іс-шараларын жүзеге асыру, сондай-ақ авиациялық жұмыстарды, парашюттен секіруді орындау мақсатында белгіленген схемалардан (маршруттардан) тыс елді мекен үстімен ұшуы, пилотсыз ұшу аппараттарының ұшуы, байлаулы аэростаттарды көтеру көрсетілген іс-шараларды іске асыру қамтамасыз етілетін биіктікте осындай ұшуларды ұйымдастырушының ұшуды орындау қауіпсіздігін қамтамасыз етуі арқылы орындалады.

Адамдардың өмірін сақтап қалу және денсаулығын сақтау, қылмыстардың жолын кесу және ашу жөніндегі іс-шараларға байланысты ұшуларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің күзет іс-шараларын өткізу шеңберінде орындалатын ұшуларды қоспағанда, азаматтық әуе кемелерінің белгіленген схемалардан (маршруттардан) тыс елді мекендер үстімен ұшуды орындауын келісуді және мемлекеттік әуе кемелері мен пилотсыз ұшу аппараттарының ұшуына рұқсат беруді ӘҚБ орталықтары осы Қағидалардың 4-бөлімінде көзделген тәртіппен ұшу жоспары немесе әуе кеңістігін пайдалануға өтінімдер ұсынылған кезде, сондай-ақ осы Қағидалардың 17-1-тармағына сәйкес ӘҚБ орталықтары мен өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты келісу арқылы жүзеге асырады.

ӘҚБ орталықтары осындай ұшуларды келісу кезінде:

1) мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның арнайы рұқсаты берілген ұшуларды қоспағанда, тыйым салынған аймақтар мен ұшу шектелген аймақтарға кіруді болдырмайды;

2) осы Қағиданың 5-бөлімінде көзделген қажетті келісімдердің болуын тексереді.

Күзет іс-шараларын жүргізу кезеңінде әуе кемелерінің елді мекендер үстінен ұшуы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарымен және Мемлекеттік күзет қызметімен келісіледі.».

33-тармақ алып тасталсын;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. ӘҚК әуе кеңістігі мынадай сыныптарға жіктеледі және былайша белгіленеді:

А сыныбы. АҰҚ бойынша ұшуларға ғана рұқсат беріледі; барлық әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетумен және эшелондаумен қамтамасыз етіледі.

В сыныбы. АҰҚ және ВҰҚ бойынша ұшуларға рұқсат беріледі; барлық әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетумен және эшелондаумен қамтамасыз етіледі.

С сыныбы. АҰҚ және ВҰҚ бойынша ұшуларға рұқсат беріледі; барлық әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі және АҰҚ бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелері АҰҚ және ВҰҚ бойынша ұшуды орындайтын өзге әуе кемелеріне қатысты эшелонданады. ВҰҚ бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелері АҰҚ бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелеріне қатысты эшелонданады және ВҰҚ бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелерінің қозғалысына қатысты ақпарат алады.

Д сыныбы. АҰҚ және ВҰҚ бойынша ұ



(Соңы. Басы 13-бетте)

ұшу массасына қарамастан тікұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушылар үшін қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификаты болса;

4) қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификаты жоқ әуе кемелерінің барлық пайдаланушылары үшін), ал қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификаты жоқ әуе кемелері үшін - азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның арнайы ұшуды орындауға берген рұқсаты болса;

5) ұсынылған ұшу жоспары осы Қағидаларда белгіленген нысанға және мазмұнға сәйкес келген жағдайда (әуе кемелерінің барлық пайдаланушылары үшін);

6) пайдаланушының сертификатында және (немесе) авиациялық жұмыстарды орындау куәлігінде және (немесе) ұшуларды орындауға құқық беретін куәлікте белгіленген ұшу өңірлерін шектеу сақталса;

7) әуе кемесінің сынақтық ұшуды немесе айналып ұшуды орындауға әзірлігі туралы жөндеу немесе құрастыру кәсіпорнының бірінші басшысының қолы қойылған анықтамасы болса, ӘҚЖ БО әуе кемесін қазақстандық пайдаланушыдан алған ұшу жоспарын әуе кеңістігін пайдалану жоспарына енгізеді.

Берілген пайдаланушы сертификаттарының, авиациялық жұмыстарды орындауға куәліктердің, ұшуды орындау құқығына куәліктердің, ұшуға жарамдылық сертификаттарының көшірмелері олар берілгеннен кейін дереу ӘҚЖ БО-ға ұсынылады. »;

177-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«177. Тәртіп бұзушы әуе кемесінің экипажы ӘҚҚ (ӘҚБ) органының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуды тоқтату туралы бұйрығын орындамаған жағдайда, мұндай ақпарат дереу мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның назарына жеткізіледі.

Мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган тәртіп бұзушы әуе кемесіне Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін бұзушы әуе кемелеріне Қару-жарақ және ұрыс техникасын қолдану қағидаларына сәйкес шаралар қолданады. »;

мынадай мазмұндағы 11-1-бөліммен толықтырылсын:

«11-1. Азаматтық әуе кемелерін ұстап қалу

177-1. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде азаматтық әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай қағидаттар қабылданған:

1) азаматтық әуе кемелерін ұстап қалу тек соңғы шара ретінде қолданылады;

2) ұстап қалу жүзеге асырылған жағдайда, егер әуе кемесін:

берілген жол сызығына қайтару қажет болмаса; мемлекеттің әуе кеңістігінен тыс шығарса; ұшу тыйым салынған аймақтан, оны шектеу аймағынан немесе қауіпті аймақтан басқа жаққа бағыттаса; немесе осы әуе кемесіне көрсетілген әуеайлаққа қонуды бұйырса, ол танумен шектеледі;

3) оқу-жаттығу мақсаттарындағы азаматтық әуе кемелері ұстауға жатпайды;

4) радиобайланыс орнату мүмкін болған жағдайда, ұстап қалынатын азаматтық әуе кемесіне радиотелефон бойынша ұшу бағытына қатысты нұсқау және тиісті ақпарат беріледі;

5) ұстап қалынатын әуе кемесінен өзі ұшып өтіп бара жатқан аумаққа қону талап етілген жағдайларда, қону үшін көрсетілген әуеайлақ осы типтегі әуе кемесінің қауіпсіз қонуын қамтамасыз ету үшін жарамды болып табылады.

177-2. Ұстап қалуға байланысты қауіпті салдарды жою немесе азайту үшін экипаждар мен тиісті ӘҚҚ (ӘҚБ) органдары арасындағы іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал шаралар қолданылады, ол үшін:

1) ұшу экипаждарының мүшелері ұстап қалу кезінде орындалатын іс-қимыл тәртібін білуі қажет;

2) әуе кемелерінің командирлері ұстап қалушы әуе кемесімен 121,5 МГц жиілігінде байланыс орнатады және ұстап қалу қағидаларына қатысты әрекеттерді орындайды;

3) ӘҚҚ (ӘҚБ) органдарының диспетчерлері басқа әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін орындалатын іс-қимыл тәртібін білуі қажет;

4) мемлекеттік авиацияның ұстап қалушы әуе кемелерінің ұшыштары азаматтық әуе кемелерінің ұшу-техникалық сипаттамаларының жалпы шектеулерін және ұстап қалынатын азаматтық әуе кемесінің бортында техникалық қиындықтарға немесе заңсыз араласуға байланысты авариялық немесе төтенше жағдайдың туындау ықтималдығы туралы білуі қажет;

5) жойғыш-ұстап қалғыш ұшақтарды тікелей басқаруды жүзеге асыратын командалық пункттерге (бұдан әрі – командалық пункттер) және ұстап қалуды орындауға әлеуетті мүмкіндігі бар әуе кемелерінің командирлеріне (ұшыштарға) ұстап қалу маневрі, ұстап қалынатын әуе кемелерінің ұшу бағыты, ұстап қалынатын азаматтық әуе кемелеріне қатысты көзбен шолу сигналдары бойынша іс-қимылдар, радиобайланыс жүргізу, қаруды қолданудан бас тарту қажеттілігі жөнінде нақты және анық нұсқаулар беріледі;

6) ӘҚҚ (ӘҚБ) органдары, командалық пункттер және мемлекеттік авиацияның ұстап қалатын әуе кемесі 121,5 МГц авариялық жиілікте ұстап қалынатын әуе

кемелерімен байланыс орнату мүмкіндігін қамтамасыз ететін радиотелефон жабдықтарымен, ҚР ҚҚ ӘҚҚ МКК (ҚР ҚҚ ӘҚҚ КП) олар ұстап қалынуы мүмкін аудандарда азаматтық әуе кемелерін тану мақсатында ҚШРЛ (екінші радиолокация) құралдарымен жарақтандырылады. Мұндай құралдар «А» режимінде № 7500, 7600 және 7700 дискретті төрт таңбалы кодтарын тануды қамтамасыз етеді.

177-3. Ұстап қалынатын азаматтық әуе кемесінен өзі ұшып өтіп бара жатқан аумаққа қону талап етілетін ерекше жағдайларда мынадай шарттарды орындау қажет:

1) көрсетілген әуеайлақ, әсіресе әуеайлақты, әдетте азаматтық әуе кемелері пайдаланбайтын жағдайларда, әуе кемесінің осы үлгісін қауіпсіз қондыру үшін жарамды; 2) әуеайлақ аймағының қоршаған жері шеңбер бойынша ұшу, қонуға кіру және екінші айналымға кету үшін жарамды; 3) ұстап қалынатын әуе кемесінің қону әуеайлағына бару үшін жеткілікті отын қоры (қалдығы) болады;

4) көрсетілген әуеайлақ Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағында сипатталған;

5) ұстап қалынатын әуе кемесінің қонуға қауіпсіз кіруін және қонуын орындау үшін қажетті барлық ақпарат оған барлық қолжетімді арналарда радиобайланыс бойынша бортқа беріледі.

177-4. ӘҚҚ (ӘҚБ) органы өзінің жауапкершілік ауданында әуе кемесін ұстап қалуды жүзеге асыру туралы ақпарат алған кезде ол осы шарттарды негізге ала отырып, төменде көрсетілген шараларды қабылдайды:

1) егер мұндай байланыс әлі орнатылмаған болса, 121,5 МГц авариялық радиожилікті қоса алғанда, қолда бар барлық құралдарды пайдалана отырып, ұстап қалынатын әуе кемесімен екі жақты байланыс орнатуға әрекет жасайды;

2) ұстап қалынатын әуе кемесінің экипажын ұстап қалу туралы хабардар етеді;

3) ұстап қалынатын әуе кемесімен екі жақты байланысты қолдайтын командалық пунктпен байланыс орнатады және оны ұстап қалынатын әуе кемесі туралы қолда бар ақпаратпен қамтамасыз етеді;

4) қажет болған жағдайда ұстап қалатын әуе кемесі немесе командалық пункт пен ұстап қалынатын әуе кемесі арасындағы хабарламаларды ретрансляциялайды;

5) командалық пунктпен тығыз өзара іс-қимыл жасап отырып, ұстап қалынатын әуе кемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды.

177-5. Ұстап қалынатын әуе кемесінің командирі:

1) визуалды сигналдардың мағынасын интерпретациялау арқылы ұстап қалатын әуе кемесінің нұсқауларын (осы Қағидаларға 8-1-қосымшада көрсетілген) орындайды және ұстап қалушының талаптарына сәйкес оларға жауап береді;

2) мүмкіндігінше ӘҚҚ (ӘҚБ) тиісті органын хабардар етеді;

3) 121,5 МГц авариялық жиіліктегі жалпы шақыру сигналын беру жолымен ұстап қалатын әуе кемесімен немесе тиісті командалық пунктпен радиобайланыс орнатады;

4) өзінің шақыру белгісін атайды;

5) ұшудың мақсаты туралы хабарлайды;

6) егер байланыс орнатылмаса, 243 МГц жиіліктегі радиотелефон режимінде қайта қонырау шалу арқылы байланыс орнатуға әрекет жасайды;

7) теңіз қызметтерінен көмек сұраған кезде 500 кГц немесе 2182 және 8364 кГц жиіліктердегі радиотелефон режимінде байланыс орнатады;

8) бортта ЕШРЛ қабылдағыш-жауап бергіш болған жағдайда, егер тиісті ӘҚҚ (ӘҚБ) органы тарапынан басқа нұсқаулар берілмесе, «А» режимінде 7700 кодын тереді. 177-6. Егер радио арқылы кез келген көздерден алынған нұсқаулар визуалды сигналдарының көмегімен берілетін ұстап алатын әуе кемесінің нұсқауларына қайшы келсе, ұстап қалынатын әуе кемесі ұстап қалушы визуалды беретін нұсқауларды орындауды жалғастыра отырып, дереу түсіндіруді сұрайды.

177-7. Ұстап қалушылардың және ұстап қалынатын әуе кемелерінің экипаждары визуалды сигналдар қағидаларын ұстанады, оларды түсінеді және ұстап қалынатын әуе кемесі беретін оның авариялық жағдайға тап болғанын көрсететін кез келген сигналдарға ерекше назар аударады.

177-8. Егер ұстап қалушымен байланыс орнатылса және ортақ тілде байланысты жүзеге асыру мүмкін болмаса, осы Қағидаға 8-1-қосымшада көрсетілген екі мәрте қайталанатын фразаларды пайдалану арқылы негізгі ақпаратты беруге және нұсқаулардың қабылданғанын растауға әрекет жасалады».

осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қағидаға 8-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2019 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының оныншы, он бірінші, он екінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, елунінші, елу бірінші, елу екінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А. МАМИН

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 1 тамыздағы №569 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларына 8-1-қосымша

1. Ұстап қалу кезінде пайдаланылатын фразалар мен олардың мағыналары:

Ұстап қалушы пайдаланатын фразалар		Ұстап қалынатын әуе кемесі пайдаланатын фразалар	
Фраза	Мағынасы	Фраза	Мағынасы
Callsign (Кол сайн)	Шақыру белгіңізді хабарлауыңызды сұраймын	Callsign (Кол сайн)	Менің шақыру белгім (шақыру белгісі)
Follow (Фолоу)	Маған еріңіз	Wilco (Вил коу)	Түсіндім, орындаймын
		Cannot (Кэн нот)	Орындай алмаймын
Descend (Дисэнд)	Қону үшін төмендеңіз	Repeat (Рипит)	Нұсқауыңызды қайталаңыз
		Am lost (Эм лост)	Бағдардан адасып қалдым
You land (ЮЛэнд)	Осы әуеайлаққа қоныңыз	Mayday (Мэйдэй)	Апатқа тап болдым
		Hi jack (Хай джэк)	Мені басып алды
Proceed (Просид)	Өз бағытыңызбен жүре беріңіз	Land (place name) Лэнд (пунктің атауы)	(пунктің атауы) қонуға рұқсат сұраймын
		Descend (Дисенд)	Төмендеу қажет
Ескертпелер:			
1. Талап етілетін шақыру белгісі ӘҚҚ (ӘҚБ) органымен байланыс орнату үшін пайдаланылатын және ұшу жоспарына енгізілген әуе кемесінің тану индексіне сәйкес келетін шақыру белгісі болып табылады.			
2. Жағдай «ХАЙ ДЖЭК» фразасын қолдану үшін әрдайым қолайлы бола бермейді.			

2. Ұстап қалынған жағдайда пайдаланылатын сигналдар:

1) Ұстап қалатын әуе кемесі беретін сигналдар мен ұстап қалынатын әуе кемесінің жауаптары:

Серия-сы	Ұстап қалатын әуе кемесінің сигналдары	Мағынасы	Ұстап қалынатын әуе кемесінің жауаптары	Мағынасы
1.	Күндіз немесе түнде – ұстап қалынатын әуе кемесінен сәл жоғары, алдында және әдетте, сол жағынан (немесе егер ұстап қалынатын әуе кемесі тікұшақ болса оң жағынан) бірдей емес уақыт аралығында бір қанаттан екінші қанатына тербелуі және аэронавигациялық оттарын жыпылықтату және сигналдың қабылданғаны расталғаннан кейін тиісті бағытқа шығу үшін көлденең жазықтықта, әдетте, сол жаққа (немесе оң жаққа, тікұшақ ұстап қалынған жағдайда) баяу кері бұрылу.	Сізді ұстап қалдық. Соңымнан еріңіз.	Күндіз және түнде –әуе кемесінің тербелуі және бірдей емес уақыт аралығында аэронавигациялық оттарын жыпылықтату, ұстап қалушы әуе кемесіне ілесу	Түсіндім. Орындаймын.
	1-ескертпе. Метеорологиялық жағдайларға немесе жер бедеріне қарай ұстап қалатын әуе кемесінен 1-серияда көрсетілген өзінің орналасқан орнын және кері бұрылу бағытын ауыстыру талап етілуі мүмкін. 2-ескертпе. Егер ұстап қалынатын әуе кемесі ұстап қалатын әуе кемесіне ілесіп үлгермесе, онда ұстап қалатын әуе кемесі 180 градусқа (ипподром) екі мәрте кері бұрылу схемасы бойынша ұстап қалынатын әуе кемесінің қасынан ұшып өткен сайын әуе кемесін бір қанатынан екіншісіне (кезекпен сол және оң жаққа қисайып) тербелтіп, бірқатар маневрді орындайды.			
2.	Күндіз немесе түнде –ұстап қалынатын әуе кемесінің жол сызығын қиып өтпей биіктік алу арқылы 90 градусқа және одан жоғары бұрылу жолымен ұстап қалынатын әуе кемесінен күрт алшақтауы.	Өз бағытыңызбен жүріңіз.	Күндіз немесе түнде – бір қанаттан екіншісіне тербелу.	Сізді түсіндім. Орындаймын.
3.	Күндіз немесе түнде –шассиді шығару (егер мүмкін болса), қону фараларын қосу және пайдалануға болатын ҰҚЖ үстінен ұшып өту немесе егер ұстап қалынатын әуе кемесі тікұшақ болып табылса, тікұшақ қонатын алаңның үстінен ұшып өту. Тікұшақтар болған жағдайда ұстап қалатын тікұшақ қону алаңына жақын жерде қалқып тұру режиміне ауыса отырып, қонуға бет алуды орындайды.	Осы әуеайлаққа қонуды орындаңыз.	Күндіз немесе түнде – шассиді шығару (егер мүмкін болса), қону фараларын қосу және ұстап қалатын әуе кемесінің соңынан еру және егер пайдалануға болатын ҰҚЖ-дан немесе тікұшақ қонатын алаңнан ұшып өткеннен кейін қону үшін жағдай қауіпсіз деп саналса, қонуды орындау басталады.	Сізді түсіндім, орындаймын.

2) Ұстап қалынатын әуе кемесі беретін сигналдар және ұстап қалатын әуе кемесінің жауаптары:

Серия-сы	Ұстап қалынатын әуе кемесінің сигналдары	Мәні	Ұстап қалатын әуе кемесінің жауаптары	Мағынасы
4.	Күндіз немесе түнде – пайдалануға болатын ҰҚЖ немесе тікұшақ қонатын алаңның үстінен әуеайлақ деңгейінен 300 метрден (1000 фут) астам, бірақ 600 метрден (2000 фут) аспайтын (тікұшақтар үшін 50 метрден (170 фут) астам, бірақ 100 метрден (330 фут)) аспайтын биіктікте ұшып өткен кезде шассиді жинау (егер мүмкін болса) және қону фараларын жыпылықтату және пайдалануға болатын ҰҚЖ немесе әуеайлақ үстінен шеңбер жасап ұшуды жалғастыру. Қону фараларын жыпылықтату мүмкін болмаған жағдайда кез келген борттық оттарды жыпылықтату жүргізіледі.	Сіз көрсеткен әуеайлақ жарамайды.	Күндіз немесе түнде – егер ұстап қалынатын әуе кемесі ұстап қалатын әуе кемесіне еріп қосалқы әуеайлаққа барғаны орынды болса, ұстап қалынатын әуе кемесі шассиді жинайды (егер мүмкін болса) және ұстап қалатын әуе кемелері үшін 1-сериялы сигналдарды пайдаланады.	Сізді түсіндім, маған еріңіз.
5.	Күндіз немесе түнде – борттық оттардың бөріп жиі, бірақ оларды жарқылдау оттарынан ажыратуға болатындай есеппен қосып сөндіру.	Орындай алмаймын.	Күндіз немесе түнде – ұстап қалынатын әуе кемелері үшін 2 сериялы сигналдар пайдаланылады.	Сізді түсіндім.
6.	Күндіз немесе түнде – әртүрлі уақыт аралығында барлық борттық оттарды жыпылықтату.	Апат жағдайын-дамын.	Күндіз немесе түнде – ұстап қалынатын әуе кемелері үшін 2 сериялы сигналдар пайдаланылады.	Сізді түсіндім.

3. Ұстап қалу кезінде маневр жасау:

1) Ұстап қалынатын азаматтық әуе кемесі үшін қауіп тудырмау үшін азаматтық әуе кемелерінің ұшу-техникалық сипаттамаларына қатысты шектеулерді, ұстап қалынатын әуе кемесіне соқтығысу қаупі туындайтындай жақын ұшудан бас тарту қажеттігін, сондай-ақ әуе кемесінің ұшу траекториясын қиып өтуден немесе іздегі турбуленттілік, әсіресе ұстап қалынатын әуе кемесі жеңіл әуе кемелерінің санатына кірген жағдайларда қауіп төндіру ықтималдығы орын алатындай кез келген басқа маневрді орындаудан қашқақтау қажеттігін ескерген жөн.

2) Соқтығысудың алдын алудың борттық жүйесімен (САБЖ) жабдықталған ұстап қалынатын әуе кемесі ұстап қалатын әуе кемесін соқтығысу қаупі ретінде қабылдауы және осылайша, САБЖ соқтығысу қаупін шешу жөніндегі ұсынымға жауап ретінде жалғару маневрін орындауды бастауы мүмкін. Мұндай маневрді ұстап қалатын әуе кемесі қырын қабақ ниеттің көрінісі ретінде дұрыс түсінбеуі мүмкін. Осыған байланысты екінші шолу радиолокаторының (ҚШРЛ) қабылдағыш-жауап бергішімен жабдықталған ұстап қалатын әуе кемелері пилоттарының ұстап қалынатын әуе кемесінен кемінде 37 километр (20 теңіз милі) қашықтық шегінде барометрлік биіктік туралы ақпарат беруді (С режимінің жауаптарында немесе S режимінің жауаптарының АС алаңында) тежеуі маңызды. Бұл ұстап қалатын әуе кемесінің САБЖ ұстап қалынатын әуе кемесіне қатысты соқтығысу қаупін шешу бойынша ұсынымдар беруге кедергі келтіреді, алайда бұл САБЖ әуе қозғалысы туралы консультативтік ақпарат беруді жалғастырады.

4. Визуалды тану үшін маневр жасау Азаматтық әуе кемесін визуалды тану үшін ұстап қалатын әуе кемелеріне маневр жасаудың мынадай әдісін қолдану ұсынылады:

І фаза

Ұстап қалатын әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесіне артқы жарты сферадан жақындауы керек. Ұстап қалатын бөлімшенің жетекші әуе кемесі немесе жеке ұстап қалатын әуе кемесі, әдетте, ұстап қалынатын әуе кемесінің пилотына көрінетін алаң шегінде қалып және бастапқыда әуе кемесіне 300 метрден артық жақындамай ұстап қалатын әуе кемесінің сол жағынан біршама жоғары және алдындағы позицияда болуға тиіс. Ұстап қалуға қатысушы кез келген басқа әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесімен мейлінше алшақ, нәзігінен осы кемеден жоғары және артында қалуға тиіс. Жылдамдық пен пози-ция белгіленгеннен кейін әуе кемесі қажеттілігіне қарай ұстап қалу қағидаларының II фазасына өтуі қажет.

II фаза

Ұстап қалатын бөлімшенің жетекші әуе кемесі немесе жеке ұстап қалатын әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесіне дәл сол деңгейде байқап жақындағаны жөн, бірақ

талап етілетін ақпаратты алу үшін сөзсіз қажет деңгейден артық жақындамауы керек. Ұстап қалынатын әуе кемесінің экипажын немесе жолаушыларын қорқытып алмау үшін ұстап қалатын бөлімшенің жетекші әуе кемесі немесе жеке ұстап қалатын әуе кемесі ұстап қалатын әуе кемесі үшін қалыпты деп саналатын маневрлерді жолаушылар мен азаматтық әуе кемелерінің экипаждары қауіпті деп түсінуі мүмкін екенін үнемі ескере отырып, сақ болуы қажет.

Ұстап қалуға қатысатын кез келген басқа әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінен мейлінше алшақ болуға тиіс.

Тану аяқталғаннан кейін ұстап қалатын әуе кемесі III фазада көзделгендей, ұстап қалынатын әуе кемесіне жақындау ауданынан шығуы керек.

III фаза

Ұстап қалатын бөлімшенің жетекші әуе кемесі немесе жеке ұстап қалатын әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінен басқа жаққа қарай қиялай құлдилағанда абайлап бұрылуы керек. Ұстап қалуға қатысатын кез келген басқа әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінен мейлінше алшақ болғаны, содан кейін өзінің жетекшісіне қосылғаны жөн.

5. Ұшу бағытын көрсету үшін маневр жасау:

1) егер әуе кемесін тану үшін жоғарыда I фазада және II фазада аталған маневрлер орындалғаннан кейін ұстап қалынатын әуе кемесінің ұшуына одан әрі араласу қажет болса, ұстап қалатын бөлімшенің әуе кемесі немесе жеке ұстап қалатын әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінің командиріне берілетін визуалды сигналдарды көруге мүмкіндік беру үшін әдетте, одан сол жақтағы, одан біршама жоғары және оның алдындағы позицияда болуы қажет;

2) ұстап қалатын әуе кемесінің командирі ұстап қалынатын әуе кемесі командирінің ұстап қалу туралы хабардар екендігіне және берілетін сигналдарды растайтынына көз жеткізуі қажет. Егер ұстап қалынатын әуе кемесі командирінің назарын аударуға 1-сериялы сигналдарды пайдалану арқылы бірнеше рет жасалған әрекет сөтсіз болса, ұстап қалынатын әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінің командиріне берілетін визуалды сигналдарды көруге мүмкіндік беру үшін әдетте, одан сол жақтағы, одан біршама жоғары және оның алдындағы позицияны мелену қажеттігін туындатуы мүмкін. Бұл жағдайда ұстап қалатын әуе кемесінің командирі өзінің әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінің командиріне кез келген уақытта анық көрінуі үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**2019 жылғы 1 тамыз №570
Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру, темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті, алкоголь өнімін ол өндірілген аумақта сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату, сондай-ақ алкоголь өнімін ол өндірілген аумақта сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиарды және алкоголь өнімін өндіруге арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруді өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бөлігінде келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 634 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру, темекі өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті, алкоголь өнімін ол өндірілген аумақта сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату, сондай-ақ алкоголь өнімін ол өндірілген аумақта сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиарды және алкоголь өнімін өндіруге арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруді өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бөлігінде келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 634 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 44, 339-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары алкоголь өнімін ол өндірілген аумақта сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату, сондай-ақ алкоголь өнімін ол өндірілген аумақта сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиар.»

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. МАМИН**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**2019 жылғы 1 тамыз №580
Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 301 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 301 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 25, 196-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеу қағидаларында:

5-тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«ұсынылған растау құжаттары (фискалдық чек, кассалық кіріс ордері, шот-фактура, шот, жүкқұжат, хабарлама, түру үшін құжаттар дара кәсіпкерден ұсынылған жағдайда тұлғаның мүлкікті жалға беруге құқығын растайтын құжаттар (жалға беру шарты, патент, куәлік) және мейманданалық қызмет беруші ұсынатын басқа да растайтын құжаттар қосымша ұсынылады, бұл ретте төмен ұйжайды тәулігіне жалдау бойынша шығыстар сомасы Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында айлық есептік көрсеткіштің жеті еселенген мөлшерінен, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен, аудан орталықтарында, аудандық маңызы бар қалаларда және Ақмола облысы Бұрабай ауданының Бұрабай кентінде айлық есептік көрсеткіштің төрт еселенген мөлшерінен, ауылдық округтерде айлық есептік көрсеткіштің екі еселенген мөлшерінен аспауға тиіс»;

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ұлттық алдын алу тетігінің әрбір қатысушысына алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы шоғырландырылған баяндама үшін жиналған материалдарды өңдеуді, ұсынысмен мен ұсынымдар, ақпарат дайындауды қоса алғанда, болу қорытындылары бойынша есепті дайындауға байланысты он екі айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі шығыстар»;

6-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының басқа жерге шығу күнін және негізгі қызмет (қызмет) орнына келу күнін қамтитын алдын ала болу уақыты ішінде негізгі жұмыс (қызмет) орны сақталады және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 124-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес жалақы төленеді.»;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

6-бағанның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «Алдын ала болу нәтижелері бойынша топтың есебін дайындауға байланысты шығыстар (12 АЕК мөлшерінде)».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. МАМИН**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**2019 жылғы 6 тамыз №582
Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында формальдылықты оңайлату мақсатында рәсімдерді белгілеуге жәрдемдесуге тиісті шаралар жиынтығын білдіретін халықаралық әуе тасымалдары кезіндегі формальдылықты оңайлату бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 243 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында формальдылықты оңайлату мақсатында рәсімдерді белгілеуге жәрдемдесуге тиісті шаралар жиынтығын білдіретін халықаралық әуе тасымалдары кезіндегі формальдылықты оңайлату бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 243 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 22, 132-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында формальдылықты оңайлату мақсатында рәсімдерді белгілеуге жәрдемдесуге тиісті шаралар жиынтығын білдіретін халықаралық әуе тасымалдары кезіндегі формальдылықты оңайлату бағдарламасында: 2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) алып жүрмейтін багаж - авиажүк ретінде рәсімделген және оның иесі болып табылатын адам ұшып келе жатқан әуе кемесінде тасымалданбайтын багаж»;

40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«40) экипаж мүшесінің куәлігі - экипаж мүшелеріне, ұшуға техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға және ұшу кезінде азаматтық әуе кемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға берілетін, белгіленген үлгідегі құжат»;

мынадай мазмұндағы 42) және 43) тармақшалармен толықтырылсын:

«42) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

43) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым - жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам.»;

58-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«58. Азаматтық авиация саласын дағы уәкілетті ұйым Қазақстан Республикасы мен шет мемлекет пайдаланушыларының ұшу персоналына экипаж мүшесінің куәлігін береді және оларды кідіртпей беру үшін тиісті жағдайлар жасайды.»;

64 және 65-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«64. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиация инспекторларына азаматтық авиацияның авиация инспекторының куәлігін береді. Азаматтық авиацияның авиация инспекторының куәліктерін көрсеткен кезде авиация инспекторлары әуежайдың (әуеайлақтың) бақыланатын барлық аймақтарына кіре алады.

Шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелерін перрондық тексеруді және авиациялық қауіпсіздік желісі бойынша тексеруді жүзеге асыратын авиация инспекторларына азаматтық авиацияның авиация инспекторының куәлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау мен күзетуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша беріледі.

Азаматтық авиацияның авиация инспекторының куәлігінің нысанын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

65. Авиация инспекторлары әуе кемесінің салонында өзінің қызметтік міндеттерін атқарған кезде өзімен бірге азаматтық авиацияның авиация инспекторының куәлігі, тексеру тағайындалғаны туралы бұйрық және тексеру парағы, ал халықаралық рейстерде бұған қоса жарамды паспорты мен инспектор сапары маршрутының көшірмесі болуы қажет.»;

162-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«162. Әрбір әуежайда осы Бағдарламаға сәйкес әуежайлардың формальдылықтарын оңайлату жөніндегі бағдарламалар әзірленеді, олар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісіледі.».

2. Осы қаулы оның 1-тармағының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін бесінші, жетінші, тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, 2019 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. МАМИН**

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

2019 жылғы 26 шілде №124 Алматы қаласы

Эмитенттің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашып көрсету қағидаларын және талаптарын бекіту туралы

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Эмитенттің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашып көрсету қағидалары және талаптары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) «Бағалы қағаздар нарығында Инсайдерлік ақпаратты ашу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 69 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7572 болып тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде № 261-266 (27340) жарияланған);

2) «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 250 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13001 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі 16-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Банктік емес ұйымдарды дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановақа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы Е. ДОСАЕВ

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі
№124 қаулысымен бекітілген*

**Эмитенттің қызметіне қатысты болатын және
жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын
ақпаратты ашып көрсету қағидалары және
талаптары**

1. Осы Эмитенттің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашып көрсету қағидалары және талаптары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 56-1-бабына сәйкес әзірленген және эмитенттің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын егер осы ақпарат эмитенттің мүлкітік және қаржылық жағдайының салдарларына байланысты осы эмитент шығарған (ұсынған) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер етуге қабілетті болса, ақпаратты ашудың тәртібі мен талаптарын айқындайды.

2. Эмитентке Заңның 56-1-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес әзірленген және бекітілген инсайдерлік ақпаратқа білік еткені және оны пайдаланғаны үшін бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін эмитенттің ішкі бақылау қағидаларын эмитент мемлекеттік және орыс тілдерінде бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - қаржылық есептілік депозитарийі) интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының интернет-ресурсында (эмитенттің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) осы қор биржасының тізіміне енгізілген және болған жағдайда) орналастырады, сондай-ақ эмитент мүдделі тұлғалардың сұратуы бойынша ішкі бақылау қағидаларының көшірмелеріне оны дайындауға шығындардың шегінен аспайтын мөлшерде төлем жасауды қоспағанда, ақысыз ұсынады.

3. Эмитенттің қызметіне қатысты, жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпарат, егер салдарына байланысты эмитенттің мүлкітік және қаржылық жағдайы үшін бұл ақпараттың осы эмитент шығарған (берген) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер етуге ықпалы болса, оның ресми ашылу (жариялану) сәтіне дейін инсайдерлік ақпаратқа жатады. Инсайдерлік ақпаратқа жататын ақпарат тізбесі эмитенттің ішкі бақылау қағидаларында айқындалады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ақпаратқа қолжетімділігі талап етілмейтін және шектелмейтін немесе ашылуы тиіс ақпарат эмитенттің қызметі туралы ақпарат болып түсініледі.

4. Эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін жүргізу және өзекті қалпында ұстау тәртібі эмитенттің ішкі бақылау қағидаларында белгіленеді.

5. Эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалар тізбесін эмитент қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның, жазбаша талабы бойынша талапта көрсетілген мерзімде эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалар туралы ақпаратты аша отырып, мыналар туралы мәліметтерді қоса алғанда уәкілетті органға ұсынады:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның туған күні;

2) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың деректемелері;

3) тізімге енгізу негіздері;

4) тізімге енгізу үшін негіздердің пайда болу күні;

5) тізімнен алып тастау күні.

6. Эмитент және эмитенттің инсайдерлері болып танылатын тұлғалар инсайдерлік ақпараттық ресми ашылу (жариялану) сәтіне дейін инсайдерлік ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етеді.

Егер эмитент инсайдерлікке жататын ақпараттың талап етілетін конфиденциалдылық дәрежесінің сақталмауы немесе осы ақпараттың конфиденциалдылығының

бұзылуына жол берілуі мүмкін деп санаса, эмитент тез арада эмитенттің ішкі бақылау қағидаларында белгіленген тәртіпте және мерзімде оны ашу бойынша шараларды қабылдауы тиіс.

Эмитенттің инсайдерлері болып танылатын тұлғалар олар шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы, оның ішінде эмитенттің ішкі бақылау қағидаларында белгіленген инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен талаптарын сақтайды.

7. Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Заңның 102-бабының 2-тармағына сәйкес эмитентті ашуға жататын ақпараттар және құжаттардың тізбесіне кірмейтін, не оған қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде эмитентті ашу тәртібі мен мерзімдері белгіленбеген ақпаратқа жатпайтын инсайдерлік ақпарат эмитенттің ішкі бақылау қағидаларында белгіленген тәртібі мен мерзімде ашылады.

Инсайдерлік ақпаратты тізбесі эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен белгіленген бірнеше дереккөздер жәрдемімен орналастыру (жариялау) арқылы ашқан кезде инсайдерлік ақпаратты ашу күні инсайдерлік ақпаратты алғашқы орналастыру (жариялау) күні болып есептеледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде Интернет айқындалса, онда интернет-ресурс мекеңжайы көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.

Егер эмитенттің ішкі бақылау қағидаларымен инсайдерлік ақпаратты орналастыру (жариялау) дереккөзі ретінде баспасөз басылымы айқындалса, онда оның ресми атауы мен басылымның кезеңділігі көрсетіледі.



(Жалғасы. Басы 16-бетте)

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрілігі

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің
2019 жылғы №288 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрілігінің өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)

1. «Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 4-2/266 бұйрығында (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11773 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 тамызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидалары Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 4-2/416 бұйрығында (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11777 болып тіркелген, 2015 жылғы 19 тамызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 4-2/419 бұйрығында (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11456 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Нұр-Сұлтанның, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру «электрондық үкіметінің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.».

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 4-2/266 бұйрығымен бекітілген

Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және
үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым
өткізушілерді аттестаттау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аттестаттау туралы куәлік – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) берген, мемлекеттік аттестатталған бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілердің, тұқым өткізушілердің қызметін тануын куәландыратын құжат;

2) бірегей тұқымдар – ауыл шаруашылығы өсімдік сорттарының авторы, ол уәкілдік берген адам немесе сорттың оргинаторы есіріп шығарған және элиталық тұқымдарды өндіруге арналған тұқым;

3) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдар – элиталық тұқымдардың жылдар бойынша кейіннен көбейтілуі: бірінші жыл – бірінші көбейтілген тұқым, екінші жыл – екінші көбейтілген тұқым, үшінші жыл – үшінші көбейтілген тұқым;

4) өтініш беруші – аттестаттаудан өту және аттестаттау туралы куәлікті алу үшін «электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі – веб-портал) өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;

5) суперэлиталық тұқымдар – тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін және элиталық тұқым өндіруге арналған, көбейту питомнигі түсімінен алынатын бірегей тұқымдарға жататын тұқым;

6) тұқым өндіруші – тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

7) тұқым өсіру шаруашылығы – жергілікті атқарушы орган аттестаттаған, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіру мен өткізуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект;

8) тұқым өткізуші – жергілікті атқарушы орган аттестаттаған, ауыл шаруашылығы өсімдіктерді тұқымдарының партияларын өткізу және (немесе) тұқымдық несие беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

9) элиталық тұқымдар – бірегей немесе суперэлиталық тұқымнан алынған және Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін ауыл шаруашылығы өсімдіктердің тұқымдары;

10) элиталық тұқым өсіру шаруашылығы – жергілікті атқарушы орган аттестаттаған, элиталық тұқымдарды өндіру мен өткізуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект;

11) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы.

3. Бірегей тұқым өндірушілерді, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары, тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өткізушілерді аттестаттауды жергілікті атқарушы орган осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделген қызмет түріне сәйкес аттестаттау туралы куәлік бере отырып, жүргізеді.

4. Бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге аттестаттау жүргізу үшін облыстардың жергілікті атқарушы органының бұйрығымен құрамы кемінде бес адамнан (комиссияның төрағасы және төрт мүшесі) тұратын тұрақты жұмыс істейтін аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) құрылады.

Комиссияның құрамына жергілікті атқарушы орган өкілдері кіреді.

Облыстардың жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы басқармасы, Нұр-Сұлтанның қаласының инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы/Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы/ Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – Жұмыс органы) болып табылады.

5. Аттестаттау туралы куәлік мәлімделген қызмет түріне сәйкес өтініш беруші осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген тиісінше бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға (бұдан әрі – талаптар) сәйкес болған жағдайда беріледі.

6. Элиталық тұқым өсіру шаруашылығын аттестаттау туралы куәлікті алған және бірегей тұқым өндірушілерге қойылатын талаптарға жауап беретін шаруашылық жүргізуші субъект бірегей тұқым өндірушіні аттестаттау туралы куәлікті алуға үміттене алады.

Элиталық тұқым өсіру шаруашылығын аттестаттау туралы куәлікті алған және тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптарға жауап беретін шаруашылық жүргізуші субъект тұқым өсіру шаруашылығын аттестаттау туралы куәлікті алуға үміттен алады.

2-тарау. Бірегей тұқым өндірушілерді, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өткізушілерді аттестаттау тәртібі

7. Аттестаттаудан өту және аттестаттау туралы куәлікті алу үшін өтініш беруші веб-портал арқылы электрондық түрде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған аттестаттауды (қайта аттестаттауды) өткізу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);

2) осы Қағидаларға 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес тиісінше бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны.

8. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылған жағдайда, комиссия бес жұмыс күні ішінде ұсынылған мәліметтердің толықтығын тексереді және жергілікті жерге бара отырып, өтініш берушіне осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкестігі турғысынан (өтініш берушінің өтініште көрсеткен қызмет түріне сәйкес) зерттеп-қарау жүргізеді. Өтініш беруші мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, Жұмыс органы өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

9. Өтініш берушінің зерттеп-қарау нәтижелері бойынша комиссия бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкестікке зерттеп-қарау актісін (бұдан әрі – зерттеп-қарау актісі) екі данада жасайды. Бір данасы комиссияда қалады, екіншісі өтініш берушіге беріледі.

10. Комиссия осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ зерттеп-қарау актісін қарау қорытындысы бойынша екі жұмыс күні ішінде аттестаттау туралы куәлікті беру не аттестаттау туралы куәлікті беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол хаттамалармен ресімделеді және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

11. Комиссияның аттестаттау туралы куәлікті беру туралы шешімі негізінде екі жұмыс күні ішінде өтініш берушінің «жеке кабинетіне» жергілікті атқарушы органның уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы аттестаттау туралы куәлік жолданады.

12. Өтінішті қараудың жалпы мерзімі өтініш беруші осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.

13. Осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген өтініш берушіге жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген мерзім ішінде бас тартудың себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде уәжді жауап береді.

Комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпін шегымданау болады.

14. Бірегей тұқым өндірушілерді, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өткізушілерді аттестаттаудан өткізуден бас тарту «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабы 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Жергілікті атқарушы орган аттестаттау туралы куәлікті бергеннен кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігіне осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті ақпарат ұсынады.

16. Жергілікті атқарушы орган бірегей тұқым өндірушілердің, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының, тұқым өсіру шаруашылықтарының, тұқым өткізушілердің тізілімін жүргізеді.

17. Аттестаттау туралы куәліктің қолданысы мынадай жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) өтініш берушінің аттестаттау туралы куәлікте көзделген қызмет түрінен бас тартуы;

2) жеке тұлғаның қайтыс болуы. Жұмыс органы мүдделі адам берген қайтыс болғаны туралы куәліктің негізінде аттестаттау туралы куәліктің қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады;

3) заңды тұлғаның жойылуы.

Өтініш беруші Жұмыс органына аттестаттау туралы куәліктің қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы жазбаша хабарлама ұсынады.

Осы тармақта көзделген негіздер бойынша аттестаттау туралы куәліктерін қолданыс мерзімінен бұрын тоқтатылған бірегей тұқым өндірушілер, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары, тұқым өсіру шаруашылықтары, тұқым өткізушілер бірегей тұқым өндірушілердің, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының, тұқым өсіру шаруашылықтарының, тұқым өткізушілердің тізілімінен алып тасталады.

3-тарау. Аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу және бірегей тұқым өндірушілерді, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өсіру шаруашылықтарын, тұқым өткізушілерді қайта аттестаттауды жүргізу тәртібі

18. Атауы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі не ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда, бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізуші аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туындаған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Жұмыс органына веб-портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көрсетілетін қызмет алушы ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы өтініш;

2) мемлекеттік ақпараттық жүйелерде ақпаратты бар құжаттарды қоспағанда, аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;

3) аттестаттау туралы куәліктің электрондық көшірмесі.

19. Комиссия осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу не қайта ресімдеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол хаттамалармен ресімделеді және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынаба аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеуден бас тартуға негіз болып табылады.

20. Комиссияның аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы шешімі негізінде екі жұмыс күні ішінде өтініш берушінің «жеке кабинетіне» жергілікті атқарушы органның уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы аттестаттау туралы қайта ресімделген куәлік жолданады.

21. Қайта ресімделген аттестаттау туралы куәлікке жаңа тіркеу нөмірі беріледі.

Қайта ресімделген аттестаттау туралы куәліктің қолданыс мерзімі бұрын берілген аттестаттау туралы куәліктің қолданыс мерзімінен тең күйінде қалады.

22. Аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеуге арналған өтінішті қараудың жалпы мерзімі осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап төрт жұмыс күнін құрайды.

23. Тұқым шаруашылығы субъектілерін қайта аттестаттау осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес аттестаттаудың қолданыс мерзімі өткеннен кейін:

бірегей тұқым өндірушілер үшін – бес жылда бір рет;

элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары үшін – үш жылда бір рет;

тұқым өсіру шаруашылықтары үшін – үш жылда бір рет;

тұқым өткізушілер үшін – екі жылда бір рет өткізіледі.

24. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта аттестаттауға арналған өтінішті бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өсіру шаруашылығы, тұқым өткізуші аттестаттау туралы куәліктің қолданыс мерзімінің аяқталуына күнтізбелік отыз күн қалғанда береді.

25. Элиталық тұқымдарды, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіру және өткізу жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің сортын сол ауыл шаруашылығы өсімдігінің басқа сортына ауыстыру аттестаттау туралы куәлікте көрсетілген сорттар саны шегінде жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы өсімдігінің сортын ауыстыру тұқым шаруашылығы субъектісін қайта аттестаттауға негіз болып табылмайды.

Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларына 1-қосымша

Нысан

№ ____ аттестаттау туралы куәлік

(кімге)

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(ненің негізінде)
(жергілікті атқарушы органның толық атауы)

20 __ жылғы «__» _____ № _____ қаулысының негізінде

(ауыл шаруашылығы өсімдігінің атауы, сорттардың атауы)

және саны көрсетіледі (бірегей тұқым өндірушілер үшін

сорттардың саны көрсетілмейді))

бірегей тұқымдарын, элиталық тұқымдарын, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарын өндіру және өткізу (тұқым өткізушілер үшін – тек өткізу) қызметін жүзеге асыруға берілді.

Басшы _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) _____ (электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Лауазымы _____

Берілген күні: 20 __ жылғы «__» _____.

20 __ жылғы «__» _____ дейін жарамды.

Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларына 2-қосымша

Бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптар

1. Бірегей тұқымдар өндірушілерге қойылатын талаптар мыналарды қамтиды:

1) бірегей тұқым өндіруді жүргізу үшін егіс алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы;

2) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы**;

3) жалпы егіс алаңының кемінде 30 пайызын құрайтын тұқым шаруашылығы егістерінің болуы;

4) бірегей тұқым өндіру (бастапқы тұқым шаруашылығы) бойынша кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сорттың агротехниканың болуы;

6) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған бірегей тұқым өндірушінің аумағында карантиндік объектілер бірегей тұқым өндірушінің аумағында аттестаттау сәтінде дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс;

7) кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар кемінде дақыл жөніндегі бір маман-селекционердің болуы немесе ауыл шаруашылығы өсімдіктерін селекциясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен бірігіп тұқым өндіру бойынша бірлескен жұмысты жүзеге асыруға жасалған шарттың болуы;

8) кемінде бір агрономның және әр дақыл бойынша маманның, сондай-ақ дақыл мен сорттың тұқым шаруашылығы бойынша жұмысының айрықша әдістерін меңгерген кемінде үш техникалық персонал адамының болуы;

9) бірегей тұқым өндірудің дақыл мен сорттың биологиялық белгілері мен қасиеттерін ескеретін схемаларға қатан сәйкестікке қамтамасыз етілуі;

10) кейіннен элиталық тұқым өндіруді қамтамасыз ету мақсатында бірегей тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіруге қажетті түр-түрде және көлемде сорттың бастапқы тұқымдық материалының (жеміс, жидек дақылдарының және жүзімнің көшетін өндірушілер үшін аналық егес ағаштардың) болуы;

11) бастапқы бұйындарды отырғызу үшін 100 пайыз, суперэлитта үшін 50 пайыз қажеттілікте* тұқымдарды сақтандыру қорларының болуы;

12) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің бірегей тұқымдарын өндіру жөніндегі жұмыстардың бүкіл кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған селекциялық және тұқым шаруашылығы техникасының болуы;

13) тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің, арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы;

14) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды (себу, жарамсыз деп тану, сорттық, түрлік және фитопатологиялық отау (тазалу), егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, бірегей тұқымдарды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарды есепке алу журналы (ол тігiлуi, нөмірленуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс), тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарға арналған аттестаттар) жүргізу;

15) сортты шығару әдісін, ата-аналы

**(Жалғасы. Басы 16-18-беттерде)**

Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттауға қағидаларына 8-қосымша

Нысан

Бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру актісі

20 __ жылғы «__» _____ № ____

облыстарының (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының 20 __ жылғы «__» _____ № _____ бұйрығымен құрылған комиссия

(занды тұлғаның толық атауы немесе

жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі көрсетіледі)

бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге (қажеттісінің астын сызу керек) қойылатын талаптарға сәйкестігін зерттеп-қарау нәтижелері туралы осы актіні жасады. Зерттеп-қарау нәтижесінде мыналар анықталды:

(талаптардың әрбір тармағы бойынша сәйкестік дәрежесі көрсетіледі)

Қорытынды: _____

Комиссия төрағасы: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы) (қолы)

Комиссия мүшелері: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы) (қолы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы) (қолы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы) (қолы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы) (қолы)

Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттауға қағидаларына 9-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі**Аттестатталған тұқым өндірушілер және өткізушілер туралы ақпарат**

№	Аттестатталған шаруашылықтың атауы	Басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, байланыс деректері (жұмыс және ұялы телефоны, электрондық почтасының мекенжайы), орналасқан жерінің мекенжайы (индексі, облысы, қаласы, ауданы, кенті, ауылы, көшесі)	Аттестаттау туралы куәлік 20 __ жылғы «__» _____ № ____	бірегей тұқым өндірушіні	элиталық тұқым өсіру шаруашылығын	тұқым өсіру шаруашылығын	тұқым өткізушілерді	Дәкіл атауы	Сорт
1	2	3	4	5	6	7	8	9	9

Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттауға қағидаларына 10-қосымша

Нысан

(кімнен) _____
(занды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты,әкесінің аты (бар болса), тегі көрсетіледі
(мәліметтер ақпараттық жүйеден тартылады))**Аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы өтініш**

(қайта ресімдеуге негіз көрсету)
байланысты 20 __ жылғы «__» _____ № _____
аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеуді сұраймын.

Мекенжайы: _____

(индексі, облысы, ауданы, қаласы (ауылы), көшесі, үй нөмірі,

телефоны, электрондық мекенжайы)

Қоса беріліп отырған құжаттар: _____

Басшы: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
(электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Толтырылған күні: 20 __ жылғы «__» _____.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.
Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер бергенім үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Өтініш 20 __ жылғы «__» _____ қарауға қабылданды.

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
(электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 4-2/416 бұйрығына 2-қосымша

«Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

- «Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
- Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.
- Мемлекеттік қызметті облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
- Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру «электрондық үкіметтің» [www.e.gov.kz](#) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

- Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 10 (он) жұмыс күні.
- Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (шінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – аттестаттау туралы куәлік немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша уәжді бас тарту болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Веб-порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Мыналардың:

- веб-порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Заңның 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

9. Көрсетілетін қызметті алушы веб-порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес электрондық мәліметтер нысаны; Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде өтініштің қабылданғанын растау ретінде көрсетілетін қызметте алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсету арналған сұранымының қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрінеді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

- көрсетілетін қызметті алушы аттестаттау жүргізу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;
- көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) аттестаттау жүргізу үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің «Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 4-2/266 бұйрығында (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11773 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- аттестаттау жүргізу үшін талап етілетін келісу туралы сұранымға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптамының, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;
- көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның аттестаттау жүргізу жөніндегі қызметіне тиыым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылуы.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (еректесіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (еректесіздігіне) шағымдану шағым тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша жазбаша нысанда почтамен не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мыналардың:

- жеке тұлғаның шағымында оның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, почталық мекенжайы көрсетіледі;
 - занды тұлғаның шағымында оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.
- Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің шағымды қабылдағанын шағымды қабылдаған адамның аты-жөні мен тегі, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) растайды.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті беруші жұмыскерінің әрекеттеріне (еректесіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушыға оның шағымының қабылданғанын растау үшін шағымды қабылдаған адам талон береді, онда нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, шағымға жауап алу мерзімі мен орны, шағымның қаралу барысы туралы ақпарат алуға болатын адамның байланыс деректері көрсетіледі.

Веб-портал арқылы электрондық арыз жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» арыз туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің арызды өңдеуі барысында (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;
- Министрліктің [www.moa.gov.kz](#) интернет-ресурсындағы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінің «Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары» кіші бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті веб-портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде веб-порталдағы «жеке кабинет», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары [www.moa.gov.kz](#) интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

«Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Нысан

(кімге) _____
(облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы көрсетіледі)

(кімнен) _____
(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі көрсетіледі
(мәліметтер ақпараттық жүйеден тартылады))

Аттестаттау (қайта аттестаттау) жүргізу туралы өтініш

Бірегей тұқымдар, элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдар өндіру және өткізу (тұқым өткізушілер үшін – тек өткізу) қызметін жүзеге асыруға аттестаттау, қайта аттестаттау жүргізуді және аттестаттау туралы куәлік беруді сұраймын.

(ауыл шаруашылығы өсімдігінің атауы,

сорттардың атауы және саны көрсетіледі (бірегей тұқым өндірушілер бойынша сорттардың саны көрсетілмейді))

Жеке тұлға туралы мәліметтер:

1) жеке куәлігі _____

(нөмірі, кім және қашан берілгені көрсетіледі)

2) ЖСН* _____

3) мекенжайы _____

(индексі, қаласы, ауданы, облысы, көшесі, үйдің №,

телефоны, факсы, электрондық мекенжайы)

4) банктік деректемелері _____
(шот №, банктің атауы және орналасқан жері)

Заңды тұлға туралы мәліметтер:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама _____
(нөмірі және күні көрсетіледі)

2) БСН* _____

3) мекенжайы _____

(индексі, қаласы, ауданы, облысы, көшесі, үйдің №,

телефоны, факсы, электрондық мекенжайы)

4) банктік деректемелері _____
(шот №, банктің атауы және орналасқан жері)

Қоса беріліп отырған құжаттар:

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Басшы _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (электрондық цифрлық қолтаңбасы)

20 __ жылғы «__» _____.

Өтініш 20 __ жылғы «__» _____ қарауға қабылданды.

(өтінішті қабылдаған жауапты адамның (электрондық аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) цифрлық қолтаңбасы)

Ескертпе:

* аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның), заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі жоқ болған жағдайда, шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

«Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Бірегей тұқым өндірушілерге қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны

1. Заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі _____

3. Телефоны _____

4. Электрондық почтасы _____

5. Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжаты: _____

1) жерге арналған акт (құжаттың нөмірі) _____

2) жерге арналған актінің берілген күні _____

6. Жер учаскесін жалдау шарты: _____

№	Кадастр-лық нөмірі	Жылжымай-тын мүлік объектісінің мекенжайы	Меншік иесі (құқық иеленуші)	Құқық туын-дайтын негіз	Жалдау мерзімі
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Жер учаске-сінің алаңы (гектар)	Жер-лердің сана-ты	Ныса-налы мақ-саты	Пайдалануға қойылған шектеулер мен ауырт-палықтар	Жер учас-кесінің бөліне-тіндігі	Жоспар шекара-сындағы бөгде жер учаскелері
7	8	9	10	11	12

7. Тұқым өндірумен тікелей айналысатын мамандардың бар-жоғы туралы мәліметтер:

№	Маманның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Білімі бойынша мамандығы	Лауа-зымы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5

8. Бірегей тұқым өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы.

9. Бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы”.

10. Жалпы егіс алаңының кемінде 30 пайызы тұқым шаруашылығы егістері болуы.

11. Бірегей тұқым өндіру (бастапқы тұқым шаруашылығы) бойынша кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.

12. Нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сортық агротехниканың болуы.

13. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған бірегей тұқым өндірушінің аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер бірегей тұқым өндірушінің аумағында



(Соңы. Басы 16-19-беттерде)

перспективалы сорттардың бастапқы тұқым материалының (бірегей тұқымдардың) болуы.

21. Аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап кемінде екі жыл мерзіміне элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін тұр-түрде және көлемде аудандастырылған және перспективалы сорттардың бірегей немесе суперэлиталық тұқымдарын жеткізу туралы бірегей тұқым өндірушімен және (немесе) тұқым өткізушімен жасалған шарттың болуы:

№	Шарттың нөмірі	Күні	Тұқым жеткізушінің толық атауы	БСН/ЖСН*	Мекен-жайы
1	2	3	4	5	6

22. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен жасалған элиталық тұқым өндіруді ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы:

№	Шарттың нөмірі	Күні	Заңды тұлғаның толық атауы/жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	БСН/ЖСН*	Мекен-жайы
1	2	3	4	5	6

Ескертпе:
* аббревиатуралардың толық жазылуы:
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның), заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі жоқ болған жағдайда, шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі.
23. Элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүлкітік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы тұқым тазалайтын техниканы және тұқым дөрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, ауыл шаруашылығы техникасының болуы.
24. Тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүлкітік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырымдардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы.
25. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарды аттестаттар, тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналы (ол немірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторының қолы қойылуы тиіс) жүргізу.
26. Тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының үш жыл бойы сақталуын ұйымдастыру.
27. Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (орта білімнен кейінгі немесе жоғары), штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы.
28. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс:

№	Қоры-тынды нөмірі	Қоры-тынды күні	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Қорытындының тұжырымы
1	2	3	4	5

29. Элиталық тұқым өндіруді жүргізу үшін егістік алаңның (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы.
Ескертпе:
* талаптар жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды;
** талаптар жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге, сондай-ақ бір уақытта бірегей тұқым өндіруші де болып табылатын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды.

«Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша

Тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны

1. Заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі _____

3. Телефоны _____

4. Электрондық почтасы _____

5. Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжаты: _____

1) жерге арналған акт (құжаттың нөмірі) _____

2) жерге арналған актінің берілген күні _____

6. Жер учаскесін жалдау шарты: _____

№	Кадастрлық нөмірі	Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы	Меншік иесі (құқық иеленуші)	Құқық туындайтын негіз	Жалдау мерзімі
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы					
Жер учаскесінің алаңы (рек-тар)	Жерлердің саны	Нысаналы мақсаты	Пайдалануға қойылған шектеулер мен ауыртпалықтар	Жер учаскесінің бөліне-тілдігі	Жоспар шекарасындағы бөгде жер учаскелері
7	8	9	10	11	12

7. Тұқым өндірумен тікелей айналысатын мамандардың бар-жоғы туралы мәліметтер:

№	Маманның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Білімі бойынша мамандығы	Лауазымы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5

8. Тұқым шаруашылығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.
9. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы.
10. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес енгізілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы*.
11. Жалпы егіс алаңының кемінде 20 пайызы тұқым шаруашылығы егістері болуы.
12. Тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны* 4-тен көп болмауы.

13. Аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сорттардың саны* 5-тен көп болмауы (жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп болмауы.
14. Аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап кемінде екі жыл мерзіміне бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру үшін элиталық тұқым жеткізу туралы элиталық тұқым өсіру шаруашылығымен және (немесе) тұқым өткізушімен жасалған шарттың болуы:

№	Шарт нөмірі	Күні	Тұқым жеткізушінің толық атауы	БСН/ЖСН*	Мекен-жайы
1	2	3	4	5	6

15. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалармен жасалған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіруді ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы:

№	Шарт нөмірі	Күні	Заңды тұлғаның толық атауы/жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	БСН/ЖСН*	Мекен-жайы
1	2	3	4	5	6

Ескертпе:
* аббревиатуралардың толық жазылуы:
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның), заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі жоқ болған жағдайда шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі.
16. Нақты агроэкологиялық аймақ үшін ұсынылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерін өңдеп-өсіру агротехнологиясын сақтау.
17. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған тұқым өсіру шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер тұқым өсіру шаруашылығының аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс:

№	Қоры-тынды нөмірі	Қоры-тынды күні	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Қорытындының тұжырымдамасы
1	2	3	4	5

18. Тиісті білімі (орта білімнен кейінгі немесе жоғары) бар кемінде бір агрономның болуы.
19. Дақылдар мен сорттар бойынша сорт жаңарту жоспарының болуы.
20. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым сорттарын өсіру жөніндегі схемалардың болуы.
21. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның жоспарланатын мөлшерін өндіру үшін тұр-түрде және көлемде бастапқы тұқым материалының болуы.
22. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың жоспарланатын көлемін өндіру жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүлкітік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дөрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, ауыл шаруашылығы техникасының болуы.
23. Тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүлкітік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырымдардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы.
24. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарды аттестаттар, тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналы (оның немірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторының қолы қойылуы тиіс) жүргізу.
25. Тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының бір жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету.
Ескертпе:
* талаптар жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды.

«Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымша

Тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны

1. Заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (ол бар болса), тегі _____

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі _____

3. Телефоны _____

4. Электрондық почтасы _____

5. Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі (орта білімнен кейінгі немесе жоғары) бар, штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы:

№	Маманның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Білімі бойынша мамандығы	Лауазымы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5

6. Кейіннен өткізу үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын жеткізу туралы тұқым өндірушілермен (тұқымды шетелдік жеткізушілерден сатып алған (импорт бойынша) жағдайда, тұқым жеткізушілермен) жыл сайын жасалатын шарттың болуы:

№	Шарт нөмірі	Күні	Тұқым жеткізушінің толық атауы	БСН/ЖСН* (бар болса)	Мекен-жайы
1	2	3	4	5	6

Ескертпе:
* аббревиатуралардың толық жазылуы:
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның), заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі жоқ болған жағдайда, шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі.
7. Тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүлкітік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырымдардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы.
8. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын өңдеу, сақтау және өткізу жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүлкітік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған техниканың болуы.
9. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымның әр партиясы бойынша саны мен сапасын, өткізілетін тұқымның шыққан тегін есепке алуды, тұқымның құжатталуын немірленуі және тігілуі тиіс тұқымдарды есепке алу журналы жүргізу.
10. Тұқымдарды сақтау және өткізу жөніндегі материалдардың кемінде үш жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету.

11. Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдіктер сорттарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқымдарын өткізген кезде «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес патент иесі (лицензиар) тұқым өткізушіге (лицензиатқа) селекциялық жетістікті уақытша пайдалану құқығын беретін лицензиялық шарттың болуы:

№	Лицензиялық шарттың нөмірі	Күні
1	2	3

12. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған карантиндік объектілердің болмауы:

№	Қоры-тынды нөмірі	Қоры-тынды күні	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Қорытындының тұжырымы
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2015 жылғы 6 мамырдағы № 4-2/416 бұйрығына 3-қосымша

«Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік қызметті Министрлік (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – Мемкомиссия) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) көрсетілетін қызметті алушының деректері бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын сынау және бағалау жүргізу кезінде Мемкомиссияға құжаттар тапсырған күннен бастап – бір жылға дейін;
мемлекеттік сорт сынау деректері бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын сынау және бағалау жүргізу кезінде таңаптық тәжірибелер жүргізген күннен бастап:
дәнді, дәнді-бұршақты, жармалық, майлы, техникалық, иіру, көкөніс, бақша дақылдары, гүлді-сәндік дақылдар және картоп бойынша – 3 жылға дейін;
азықтық дақылдар бойынша – 6 жылға дейін;
2) қажетті құжаттарды тапсыру үшін күтудің жол берілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең ұзақ уақыты – 30 минуттан аспайды;
4) мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – шаруашылық-құндық белгілер кешені бойынша сортты пайдалануға ұсыну туралы Мемкомиссия қорытындысының негізінде шығарылатын, Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне сортты қосу туралы көрсетілетін қызметті беруші бұйрығының көшірмесі не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.
7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, демалыс және мереке күндері – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес.

Өтінімді қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беруді Мемкомиссия сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырады.
Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетуісз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.
9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы мынадай құжаттар мен материалдарды қамтитын өтінім ұсынады:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша сәйкес нысан бойынша селекциялық жетістіктің шаруашылыққа жарамдылығын сынауға арналған өтініш, екі данада;
2) көрсетілетін қызметті алушының деректері бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының шаруашылыққа жарамдылығына сынау және бағалау жүргізу кезінде – топырақтық-климаттық параметрлер бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктің пайдалануы үшін ұсынылатын жағдайларға ұқсас жағдайларда жүргізілген басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарының сортты сынаудың оң нәтижелерін растайтын құжаттама;
3) селекциялық жетістік сауалнамасы (тиісті дақылдарға арналған нысан бойынша), екі данада;
4) тиісті тектер мен түрлерге арналған селекциялық жетістіктің сипаттамасы, екі данада;
5) гүлдердің, гүл шоғырларының, өсімдіктердің репродукциялық бөліктерінің және сорт атауы көрсетілген масштабты сызғышы бар шаруашылықта пайдалану фазасында қалыпты дамыған өсімдіктің фотографиялары;
6) өтініш беруге арналған құшын растайтын құжат (құдық мұрагерлері мен делдалдар үшін);
7) сынауға берілетін сорта генетикалық түрлендірілген объектілердің жоқ екендігі туралы құжат не генетикалық түрлендірілген объектілердің құрамына жүргізілген сараптама нәтижелері (шетелдік селекция сорттары үшін);
8) тұқымдық және отырғызу материалының үлгілері.
Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды Мемкомиссияға тапсырған кезде, қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын Мемкомиссияның кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркелгені туралы белгі растайды.
Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінімді қабылдаудан бас тартады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:
1) көрсетілетін қызметті алушы сортақ сынау жүргізу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;
2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) сортақ сынау жүргізу үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің «Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сұрыптық сынақтан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2015 жылғы 2 шілдедегі № 4-2/602 бұйрығында (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11879 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және Мемкомиссияның және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы стандарттың 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.
Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда

электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мыналардың:
жеке тұлғаның шағымында оның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, почталық мекенжайы көрсетіледі;
заңды тұлғаның шағымында оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Арызға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Қабылданған шағым көрсетілетін қызметті берушінің жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен арыздарын есепке алу журналдарында тіркеледі. Шағымның қабылданғанын растайтын құжат күні мен уақыты, арызды/шағымды қабылдаған адамның аты-жөні және тегі, сондай-ақ берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны және шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері көрсетілген талон болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен б